

Бекітемін
«Айша» бөбекжай-балабақшасының
Директоры Ақжигитова У.М



2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жоспары

№	Тақырыбы
1	Балабақшаның күн тәртібі мен оқу іс әрекеттер кестесін құру.
2	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құру.
3	Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау.
4	Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін дайындау.
5	Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жоспарын дайындау.

«Айша» бөбекжай-балабақшасы

№1 ХАТТАМА

25.08.2025 жыл

Ақтау қаласы

№1 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Акжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбетова Ж.

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері (тізім қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның күн тәртібі мен оқу іс әрекеттер кестесін құру
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері Акжигитова У. күн тәртібі мен оқу іс-әрекеттер кестесін ұсынды. Әдіскер күн тәртібінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде құрылғанын және әр жас ерекшелігіне сай тамақтану, ұйықтау, серуендеу, ойын және ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің уақытын үйлестіріп жоспарлағанын баяндады. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, балалардың физиологиялық дамуын ескеру, ата-аналардың ұсыныстарын назарға алу қажеттігін айтты. Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы бұйрығының жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 бұйрығы негізінде құрылғанын, былтырғы кестеге қарағанда өзгерістер бар екенін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер кестенің балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалғанын, әсіресе шығармашылық және ойын іс-әрекеттерінің уақытын тиімді бөлгенін қолдады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы мен музыка жетекшісі арналған уақыттардың кестеде дұрыс қойылғанын, бір-бірімен сәйкес келетінін, сондықтан ешқандай қиындық туындамайтынын атап өтті.

Психолог балалардың психологиялық жай-күйіне сәйкес тынығу және демалыс уақыттарының дұрыс бөлінгенін оң бағалады. Сонымен қатар медбике санитарлық талаптарды бұлжытпай орындаудың маңызын еске салды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері Акжигитова У. Балабақша педагогтеріне 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны толық таныстырылды. Нұсқау хатта мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруға қатысты негізгі талаптар, жаңартылған бағыттар мен өзгерістер нақты көрсетілгені атап өтілді.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген өзгерістердің балабақшадағы күнделікті оқу-тәрбие жұмысына тигізетін әсері талқыланды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер аталған нұсқау хатта мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруға қатысты бірқатар жаңартылған талаптар мен бағыттар көрсетілген. Бұл өзгерістер балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталғандығын атап өтті.

Әдістемелік нұсқаулық хатта педагогтердің жұмысын жоспарлау, білім беру қызметтерін ұйымдастыру, сондай-ақ тәрбие процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге ерекше назар аударылған. Осыған байланысты біз өз жұмыс жоспарларымызды қайта қарап, жаңартылған талаптарға сәйкестендіруіміз қажет.

Сонымен қатар, енгізілген өзгерістерді тәжірибеде тиімді қолдану мақсатында әріптестердің ұсыныс-пікірлерін тындап, ортақ шешімге келу маңызды деп санаймын. Әдістемелік талаптарды бірізділікпен орындау – жұмыс сапасын арттырудың негізгі кепілі.

Шешім:

1. Күн тәртібін орындау барысында балалардың жас ерекшеліктерін, физиологиялық және психоэмоциялық дамуын ескеріп, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау міндеттелсін.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен барлық педагогтарды таныстыру балабақша әдіскері У.Акжигитоваға міндеттелсін.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Акжигитова У.М.

Ақпанбетова А.Ж.

«Айша » бөбекжай-балабақшасы

№2 ХАТТАМА

02.09.2025 жыл
Астана қаласы

№2 әдістемелік кеңес

Төрайымы: _____

Хатшы: _____

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері (тізім қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құру

ТЫНДАЛДЫ:

Тәрбиеші Ақпанбтова А. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнымен таныстырды. Бағдарламаның мақсаты – балаларды адалдыққа, әділдікке, еңбекқорлыққа және Отансүйгіштікке тәрбиелеу екені атап өтілді. Бағдарламаны іске асыру бағыттары:

- ұлттық құндылықтарды енгізу;
- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру;
- заманауи әдістемелерді (мультстудия, жасанды интеллект, ойын арқылы тіл үйрету) қолдану;
- зерттеу әрекетін дамыту және ерте кәсіптік бағдарлау.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кеңеске қатысқан педагогтер мен ата-аналар төрайымдары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жолдары бойынша өз ойларын ортаға салды. Балаларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеуде халық ертегілері мен ұлттық ойындарды, жағдаяттық тапсырмаларды тиімді пайдалану қажеттігі айтылды. Сонымен қатар бағдарламаны іске асыру барысында балалардың эмоционалдық дамуына көңіл бөлу, ата-аналармен бірлескен жұмысты жүйелі ұйымдастырудың маңызы атап өтілді. Музыка үйе халық әндері мен күйлері арқылы отансүйгіштікке баулу, сондай-ақ ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету және отбасылық іс-шараларды өткізу қажеттігі жөнінде ұсыныстар білдірілді.

Шешім:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары жасалып, педагогтерге оқу-

тәрбие процесінде адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік құндылықтарын
дәріптеу тапсырылсын.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Ақжолдасова У.М

Ақпанбетова А.Ж

«Айша » бөбекжай-балабақшасы

№3 ХАТТАМА

20.10.2025 жыл

Ақтау қаласы

№3 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Ақжігітова У.М

Хатшы: Ақпанбетова Ж.

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Ақжигитова У.М ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің кестесін таныстырды, ережелерді дайындау тәртібі бойынша баяндама жасады. Байқаулар мен көрмелердің ережелерін нақтылау, оларды әдістемелік тұрғыдан дайындау қажеттілігі сөз болды. Сонымен қатар, әр түрлі байқаулар мен көрмелердің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы туралы айтылды. Байқаулар ережесін дайындауда «Балаларды ерте дамыту институтының» сайтында берілген ережелерге сәйкес құрылуы тиіс екендігі. №514 бұйрықта бар байқаулар ғана ұйымдастырылатыны ескертілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Төребаева Г. өз сөзінде: байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау барысында балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Осыған орай байқаулар мен көрмелерде шығармашылық пен ынталандыру аспектілері басты назарға алынуы керектігі айтылды. Әдіскердің байқаулар мен көрмелердің ережелерін әзірлеу барысында әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігін атап өтті. Байқаулар мен көрмелердің әр кезеңін дұрыс жоспарлап, әр топтың ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар мен шарттар әзірленуі тиіс.

Психолог Құлқаева Г. балалардың психологиялық дайындықтары мен қызығушылықтарын ескерудің маңыздылығын атап өтті. Байқаулар мен көрмелерді ұйымдастыруда балалардың эмоциялық және когнитивтік дамуын қолдайтын ережелер мен шарттарды енгізу қажет.

шешім:

1. 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің кестесі, ережелері бекітілсін.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Ақжигитова У.М

Ақпанбетова А. Ж.

«Айша » бөбекжай-балабақшасы

№4 ХАТТАМА

15.01.2025 жыл

Астана қаласы

№ 4 әдістемелік кеңес

Төрайымы: _____

Хатшы: _____

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері (тізім қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ:

Әдіскер сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У.М. тәрбиешілерге арналған байқауларды ұйымдастырудың негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, шығармашылық ізденістерін қолдау және озық педагогикалық тәжірибелерді анықтап, тарату екенін атап өтті. Өз сөзінде байқаулардың тәрбиешілердің кәсіби дамуына, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануына және өзара тәжірибе алмасуына үлкен мүмкіндік беретінін айтты.

Сонымен қатар, байқаулардың әділ әрі ашық өтуі ең алдымен сапалы дайындалған ережеге байланысты екенін түсіндірді. Сондықтан ережеде байқаудың мақсаты мен міндеттері, өткізу мерзімі, қатысушыларға қойылатын талаптар, құжаттарды қабылдау тәртібі, бағалау критерийлері, қазылар алқасының міндеттері және жеңімпаздарды анықтау тәртібі нақты әрі түсінікті көрсетілуі қажеттігін атап өтті.

Әдіскер педагогтердің шығармашылық жұмыстары бағаланғанда олардың кәсіби шеберлігіне, инновациялық технологияларды қолдануына, балалармен жұмыс жүргізудегі тиімді әдістеріне, құжаттарының сапасына және іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне ерекше назар аударылатынын айтты. Сондай-ақ байқау барлық қатысушылар үшін тең мүмкіндік қағидаты негізінде ұйымдастырылатынын жеткізді.

Өз сөзінің соңында әдіскер байқаулардың педагогтердің өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарауына, кәсіби деңгейін жетілдіруіне және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Барлық тәрбиешілерді байқауларға белсенді қатысуға шақырып, ережеге қатысты ұсыныстар мен пікірлердің ескерілетінін айтты.

Тәрбиешілер сөз сөйледі:

Тәрбиешілер байқауларды өткізудің педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдірудегі маңыздылығын атап өтті. Олар байқау ережесінің нақты әрі түсінікті болуы қатысушылардың дайындалуына қолайлы жағдай

жасайтынын айтып, бағалау критерийлерінің ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін осындай байқаулардың алдағы уақытта да тұрақты ұйымдастырылып тұруына қолдау білдірді.

Шешімі:

1. Тәрбиешілерге арналған байқаулардың ережесі талқыланып, ұсыныстар ескеріле отырып бекітілсін.
2. Байқаулар бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиешілердің белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Ақжигитова У.М.

Ақпанбетова А.Ж

«Айша » бөбекжай-балабақшасы

№5 ХАТТАМА

25.04.2026 жыл

Ақтау қаласы

№5 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Акжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбетова Ж.

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері (тізім қоса беріледі)

Күн тәртібі:

Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар және экологиялық жобалар жоспарын дайындау.

Тыңдалды:

Әдіскер Акжигитова У. оқу жылы барысында өткізілетін экологиялық-ақпараттық шаралардың маңыздылығына тоқталды. Ол балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және экологиялық мәдениетін дамыту мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Өз сөзінде оқу жылына арналған экологиялық іс-шаралар жоспарын жүйелі түрде әзірлеу қажеттігін айтып, жоспарға экологиялық акциялар, тақырыптық көрмелер, шығармашылық байқаулар, табиғатты қорғауға бағытталған жобалар және ата-аналардың қатысуымен өткізілетін іс-шараларды енгізу ұсынылғанын жеткізді. Сонымен қатар, барлық шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, олардың табиғат туралы білімдерін кеңейтуге және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін айтты.

Әдіскер экологиялық жұмыстарды ұйымдастыру барысында тәрбиешілердің шығармашылық ізденістеріне қолдау көрсетіліп, ата-аналарды да бірлескен іс-шараларға тарту маңызды екенін атап өтті. Сөзінің соңында жоспарланған жұмыстардың уақытылы орындалуына барлық педагогтердің жауапкершілікпен қарауын сұрады.

Тәрбиешілер сөз сөйледі:

Тәрбиеші Сапарова Г. экологиялық бағыттағы іс-шаралардың мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын және экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызы зор екенін атап өтті. Олар оқу жылы барысында өткізілетін экологиялық акциялар, көрмелер, байқаулар мен жобалардың балалардың

танымдық қызығушылығын арттырып, табиғатты қорғау туралы түсініктерін кеңейтетінін айтты.

Сонымен қатар, тәрбиешілер экологиялық жұмыстарды тек ұйымдастырылған оқу қызметімен шектемей, күнделікті тәрбие жұмыстары барысында да жалғастыру қажеттігін жеткізді. Балаларды ағаш отырғызу, гүлдер мен бөлме өсімдіктерін күту, құстарға қамқорлық жасау, аула тазалығын сақтау сияқты қарапайым табиғат қорғау әрекеттеріне баулу маңызды екенін атап өтті.

Тәрбиеші Төребаева Г. ата-аналарды экологиялық жобаларға, көрмелерге және түрлі акцияларға белсенді қатыстыру балалардың қызығушылығын арттырып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтатынын айтты. Сондай-ақ табиғи және қалдық материалдардан жасалған шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру, «Таза аула», «Табиғатты қорғайық», «Бір тал кессең, он тал ек» сияқты акцияларды өткізу жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Сөз соңында тәрбиешілер жоспарланған барлық экологиялық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге дайын екендіктерін айтып, балалардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыратындарын жеткізді.

Шешімі:

1. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар және экологиялық жобалардың жылдық жоспары ұсыныстар ескеріле отырып бекітілсін.
2. Жоспарланған іс-шаралар белгіленген мерзімде ұйымдастырылып, орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____



Ақжигитова У.М

Ақпанбетова А.Ж